

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** «Жаратылыстану»

**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»

**Мақсаты:** Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту, үй жануарлары төлдерін дұрыс атай білуді үйретуді жалғастыру. Үй жануарларының беретін пайдасы туралы түсінік бере отырып, білімдерін толықтыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімге және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Білімділігі:** үй жануарларының тіршілігі туралы баяндап, балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.

**Дамытушылығы:** үй жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез- келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу.

**Тәрбиелілігі:** үй жануарларына қамқор болуға, оларды күте білуге және қорғауға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** әңгімелесу, түсіндіру, суретпен, слайдпен жұмыс, жұмбақ шешу, дидактикалық ойын.

**Қажетті құралдар:** Үй жануарлардың суреттері, интерактивті такта.

**Қос тілділік:** сиыр қорғау қой овца түйе верблюд жылқы лошадь

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	<b>Балалармен амандасу</b> <b>Шаттық шеңбері</b> Арайлап таң атты Күн сәулесін таратты Сәлеметсің бе Алтын күн! Сәлеметсің бе Жер ана, Сәлеметсің бе менің сүйікті балабақшам. Тілегіме тілек қос Міне, менің қолым бос Аман болайық Деніміз сау болсын Аспанымыз ашық болсын!	Балалар шаттық шеңберді бірге қайталап айтады.
<b>Ұйымдастырушы ізденушілік</b>	<b>Сұрақ жауап</b> Қазір жылдың қай мезгілі Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай <b>Жұмбақ жасыру</b> 1. Кезікті бір жануар, Арқасында тауы бар  2. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар  3. Қос мүйізді, төрт сирақты, Сыйлайды балдай ақ бұлақ.	Көктем Күн жығады, құстар жылы жақтан ұшып келеді, тал егеміз.  Түйе  Қой  Сиыр

	<p>4. Жарға шығып ойнайды, Ойынға бір тоймайды. Болса дағы сақалы, Секендеуді қоймайды. <b>Тәрбиеші:</b> Жарайсыңдар балалар! Осылар біздер бір ауыз сөзбен не деп атаймыз. Ендеше үй жануарлары туралы бейнетаспа қарайық. <b>Ғажайып сәт: (әже келеді)</b> <b>Әже:</b> Амансындарма шырақтарым. Қалдерін қалай! Мен ауылдан сендерге базарлық ала келдім. <b>Тәрбиеші:</b> Қош келдіңіз әже. Келініз жолдан шаршап келген боларсыз. Әже бізде үй жануарлары жайлы әңгімелесіп жатыр едік. Бізге толығырақ айтып бересізбе? <b>Әже:</b> Рахмет қарағым. Иа әрине айтып берейін. Үй жануарларын төлдерін білесіңдерма? Ендеше мұқият тыңдандар. Жылқы құлын Сиыр бұзау Түйе бота Қой қозы <b>Тәрбиеші:</b> Рахмет әже енді есімізде болады. Кәнекей балалар сендер ойын ойнағыларың келеді ма? <b>Дидактикалық ойын: «Не артық?»</b> <b>Шарты:</b> Суреттердің ішінде артық суреті табу. <b>Тәрбиеші:</b> Балалар ойын ойнап шаршап қалған болармыз бір сергіп алайық. <b>Сергіту сәті</b> <b>Тәрбиеші:</b> Иа әрине қойағой сұрағынды. <b>Әже:</b> Иа айтып берейін пірлерін біле жүріндер! Қой атасы Шопан ата Сиыр атасы Зеңгі баба Түйе атасы Ойсыл қара. Жылқы атасы Қамбар ата Жарайсындар балалар. Балалар менің қайтатын уақытым болды. Сендерге</p>	<p>Ешкі Үй жануарлары</p> <p>Салеметсізбе!</p> <p>Жоқ</p> <p>Балалар бірге ойнайды.</p> <p>Илияс: Апай әжеге сұрақ қойсам болама?</p> <p>Әже осы үй жануарлардың бізге аталарын айтып бересізбе?</p>
--	--	--

	көп көп рақмет. Әрқашан жолдарын ашық болсын. Сау болындар.	Сау болыңыз!
<b>Рефлексиялық түзетушілік</b>	<p><b>Қорытындылау.</b></p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар ойын ойнағыларын келеді ма?</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Дыбысын ажырат»</b></p> <p><b>Шарты:</b> үй жануарларының дыбысын ажыратып қай жануар екенін айту. Жарайсындар балалар. Сендер бүгінгі оқу қызметке өте жақсы ат салыстындар. Алар асуларын биік болсын! Сау болындар!</p>	<p>Балалар бірге ойнайды.</p> <p>Сау болыңыз!</p>

### Күтілетін нәтиже:

- 1. Нені біледі:** үй жануарлары туралы жалпы түсінік алады. Олардың қасиеттері мен дыбыстарын ажыратады.
- 2. Нені игерді:** қай жануардан қандай пайдалы өнім өндірілетінін түсінді.
- 3. Нені меңгерді:** үй жануарлары туралы ойларын еркін жеткізуге дағдыланады. Жануарларды дауысынан ажыратады және өздері дыбыстай алады.